



**Автор:** Жумабаева Зульвира Жанабаевна  
**Пән:** Қазақ әдебиеті  
**Сынып:** 10-сынып  
**Бөлім:** Аңызбен өрілген көркем сөз  
**Тақырып:** Мұхтар Мағауин "Шақан Шері" романы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	10.3.2.1-көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру. 10.1.2.1-әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу
Сабақтың мақсаты:	көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру. әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты сөздік қорлар мен терминдер: Қоңылтақ (сезім),Сонар,Күпсек қар,боршалау,қаншыр,шөнжік,мүйізгек.
Бағалау критерийлері:	<b>Оқушылардың барлығы орындай алады:</b> Шығармада көтерілген мәселелерді талқылайды <b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> мәселенің жаңашылдығына сыни баға беру. <b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырады.
Құндылықтарды дарыту:	батырлық, ерлік,өршілдік рух,ержүректілік,қайсарлық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақтамен жұмыс
Пәнаралық байланыс:	Тарих ,география
Бастапқы білім:	М.Мағауиннің романы бойынша сұрақтарға жауап беру

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	<b>Қызығушылығын ояту</b> 1. «Әдеби диалог» оқушылар бір-біріне қарсы қарап тұрып сұрақтарға жауап береді. <b>2.Топқа бөлу.</b> Түске байланысты 4 жұпқа бөлінеді.	
Сабақтың ортасы (30 минут)	<b>1. Ой шақыру «Кезбе тілші»</b> <b>1-жұп.</b> Шығармада орын алған оқиғалар туралы хабарлайды (Шақан-шері шығармасы бойынша) <b>2-жұп.</b> шығарма бойынша жиынтық ақпарат береді. <b>3-жұп.</b> шығарма бойынша оқиға орнынан маңызды ақпарат ұсынады. <b>4-жұп.</b> тілші сұхбат алатын сырт адамдар пікірі. <b>Дескриптор:</b> әр топ өздеріне берілген тапсырма бойынша жұмыс жасайды,талқылайды өз ойларымен бөлісіп ортақ шешімге келеді . <b>SWOT - талдау.</b> Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі Күшті,әлсіз,Мүмкіндіктер,Қауіптер. <b>Дескриптор:</b> - Тақырыпқа қатысты деректерді жинақтайды - Кейіпкердің ішкі толғанысын жеткізеді - Жаңа идеялар қосады Қорытынды шығарады. <b>«Инфографика»тәсілі.</b> тақырыпты қамтитын қысқаша мәліметтер, суреттер,кейіпкерлердің суреттері беріледі.Оқушылар берілген ақпараттарды толық қамти отырып тақырып бойынша ой өрбітеді.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 минут)	Кері байланыс. 	